



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.09.2024 ж.

Махамбет ауылы

№ 128

село Махамбет

**Мектепте ыстық тамақтың
ұйымдастырылуы туралы**

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушылар тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушылар тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрығына сәйкес аз қамтылған отбасы, жетім, жартылай жетім, қамқорлықтағы 1-11 сынып және 1-4 сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен, дәмханалық өнімдермен қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылдың 02 қыркүйегінен бастап мектепте ыстық тамақты ұйымдастыру жүргізілсін.
2. Бір балаға күніне 600 теңге мөлшерінде тамақтандыру ұйымдастырылсын.
3. 1-4 сынып оқушыларына тегін ыстық тамақ беру 2024 жылдың 02 қыркүйегінен бастап ұйымдастырылып, тізімі жасақталып, 1 - қосымшаға сай бекітілсін.
4. «Жалпыға міндетті орта білім қоры» есебінен бөлінген қаржы көлемінде әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасының 1-11 сыныптың оқушыларын тегін ыстық тамақпен 2024 жылдың 09 қыркүйегінен бастап қамтамасыз ету мақсатында оқушылардың тізімі жасақталып, 2- қосымшаға сай бекітілсін.
5. Оқушылардың тұрмыс жағдайымен үнемі танысып, сараптама жасау, ыстық тамақпен оқушылардың қамтылуы кестелерін жасап қадағалау әлеуметтік педагог М.Тулешоваға жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалау өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры

Т.Идркенова